Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі
Мемлекеттік мүлік және
жекешелендіру комитеті Төрағасының
2021 жылғы «30» қыркүйектегі
№ 601 бұйрығымен бекітілген

**Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның жарғысына өзгерістер мен толықтыру**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Төрағасының 2019 жылғы 11 сәуірдегі № 342 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның жарғысында:

14-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«14. Қойылған мақсатты іске асыру үшін Кәсіпорын мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) жедел медициналық көмек, дәрігерге дейінгі медициналық көмек, мамандандырылған түрдегі медициналық көмек, оның ішінде медициналық авиацияның мобильдік бригадаларымен Қазақстан Республикасының азаматтарына және қандастарға жоғары технологиялық медициналық көмек;

2) медициналық жабдықтың және (немесе) білікті бейінді маманның (мамандардың) болмауына байланысты пациентті (терді) тасымалдау, медициналық көмек көрсету үшін білікті бейінді маманды (мамандарды) жеткізу (консультация және (немесе) операция, ағзаларды (ағзалардың бөліктерін) және (немесе) тіндерді (тіндердің бөліктерін) пациенттің (тердің) орналасқан жері бойынша медициналық ұйымға және кері алып қою, зертханалық зерттеу үшін биоматериалдарды, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдары бар жүктерді тасымалдау;

3) уәкілетті органның хатына сәйкес шетелдік медициналық ұйымдарда өз бетінше тынысы жоқ, комада, жазатайым оқиға мен жарақаттардан зардап шеккен, медициналық алып жүруді қажет ететін, жай-күйі азаматтық авиацияның тұрақты рейстерін жерүсті көлігімен және әуе кемесімен тасымалдауға мүмкіндік бермейтін Қазақстан Республикасының азаматтары мен қандастарды, облыстардың республикалық маңызы бар қалалар мен астананың медициналық ұйымдарына тасымалдау;

4) тиісті саланың уәкілетті органының тапсырмасы бойынша жедел медициналық жәрдем қызметі үйлестірушісінің функциясын, оның ішінде медициналық авиацияны және стационарлық медициналық көмек көрсететін медициналық ұйымдардың қабылдау бөлімшелерін тарта отырып жүзеге асыру;

5) Қазақстан Республикасының аумағында жол-көлік оқиғаларының және табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарын жою жөніндегі медициналық-санитариялық және эпидемияға қарсы іс-шараларды жүргізу кезінде ішкі істер және төтенше жағдайлар органдарының бөлімшелерімен өзара іс-қимылды ұйымдастыруды жүзеге асыру;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға шұғыл және кезек күттірмейтін медициналық көмек көрсету;

7) Қазақстан Республикасы өңірлерінің денсаулық сақтау ұйымдарына ұйымдастырушылық-әдістемелік және практикалық көмек көрсету;

8) Қазақстан Республикасы халқының денсаулығын қорғау бағдарламаларын орындауға қатысу;

9) денсаулық сақтау саласында республикалық, халықаралық ғылыми форумдар, конференциялар, съездер, семинарлар ұйымдастыруға және өткізуге қатысу;

10) оқу-тренинг орталығында жедел және кезек күттірмейтін көмек көрсетудің халықаралық стандарттары бойынша оқыту жүргізу;

11) Кәсіпорын қызметінің бейініне монографиялар, ғылыми еңбектер жинақтары, әдістемелік құралдар, ұсынымдар басылымдарын ғылыми-ақпараттық қамтамасыз ету;

12) қосымша білім беру, оның ішінде біліктілікті арттыру және қайта даярлау түрінде бағдарламаларын іске асыруды жүзеге асыру, сондай-ақ Кәсіпорын қызметінің негізгі бейіні бойынша мастер-кластар, семинарлар мен тренингтер өткізу.»;

17-тармақтың 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«9) Кәсіпорынға бекітіліп берілген мүлікті (ол өндірген өнімді сатуды қоспағанда) иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге, филиалдар (өкілдіктер) құруға келісім береді;»;

45-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«45. Кәсіпорын мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның жазбаша келісімімен тиісті саланың уәкілетті органының ұсынымы бойынша:

1) филиалдар, өкілдіктер құруға;

2) оған тиесілі акционерлік қоғамдардың акцияларына билік етуге;

3) үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша кепілгерлік немесе кепілдік беруге құқылы.»;

мынадай мазмұндағы 45-1-тармақпен толықтырылсын:

«45-1. Кәсіпорын тиісті саланың уәкілетті органының жазбаша келісімімен ғана дебиторлық берешекті беруге және есептен шығаруға, қарыздарды беруге құқылы.».

**Басқарма Төрағасы** **А.С. Баянбаев**

Утверждены
приказом Председателя
Комитета государственного
имущества и приватизации
Министерства финансов Республики
Казахстан
от «_22_» _сентября_ 2021 года
№ _601_

**Изменения и дополнение в устав Республиканского государственного предприятия на праве хозяйственного ведения «Национальный координационный центр экстренной медицины» Министерства здравоохранения Республики Казахстан**

В уставе Республиканского государственного предприятия на праве хозяйственного ведения «Национальный координационный центр экстренной медицины» Министерства здравоохранения Республики Казахстан, утвержденного приказом Председателя Комитета государственного имущества и приватизации Министерства финансов Республики Казахстан от 11 апреля 2019 года № 342:

пункт 14 изложить в следующей редакции:

«14. Для реализации поставленной цели Предприятие осуществляет следующие виды деятельности:

1) скорая медицинская помощь, доврачебная медицинская помощь, медицинская помощь в виде специализированной, в том числе высокотехнологичная медицинская помощь гражданам Республики Казахстан и кандасам мобильными бригадами медицинской авиации;

2) транспортировка пациента (ов), доставка квалифицированного профильного специалиста (ов) для оказания медицинской помощи (консультация и (или) операция, изъятия органов (части органов) и (или) тканей (части тканей) в медицинскую организацию по месту нахождения пациента (ов) из-за отсутствия медицинского оборудования и (или) квалифицированного профильного специалиста (ов) и обратно, перевозка биоматериалов для лабораторного исследования, грузов с лекарственными средствами и медицинскими изделиями;

3) транспортировка, согласно письму уполномоченного органа, в медицинские организации областей, городов республиканского значения и столицы граждан Республики Казахстан и кандасов, находящихся в зарубежных медицинских организациях, без самостоятельного дыхания, в коме, пострадавших от несчастного случая и травм, нуждающихся в медицинском сопровождении, состояние которых не позволяет транспортировку наземным транспортом и на воздушном судне регулярных рейсов гражданской авиации;

4) осуществление, по поручению уполномоченного органа соответствующей отрасли, функции координатора служб скорой медицинской помощи, в том числе с привлечением медицинской авиации и приемных

отделений медицинских организаций, оказывающих стационарную медицинскую помощь;

5) осуществление организации взаимодействия с подразделениями органов внутренних дел и чрезвычайных ситуаций при проведении медико-санитарных и противоэпидемических мероприятий по ликвидации последствий дорожно-транспортных происшествий и чрезвычайных ситуаций природного и техногенного характера на территории Республики Казахстан;

6) оказание экстренной и неотложной медицинской помощи иностранным гражданам и лицам без гражданства, в соответствии с законодательством Республики Казахстан;

7) оказание организационно-методической и практической помощи организациям здравоохранения регионов Республики Казахстан;

8) принятие участия в выполнении программ охраны здоровья населения Республики Казахстан;

9) участие в организации и проведении республиканских, международных научных форумов, конференций, съездов, семинаров в сфере здравоохранения;

10) проведение обучения по международным стандартам оказания скорой и неотложной помощи в учебно-тренинговом центре;

11) научно-информационное обеспечение изданий монографий, сборников научных трудов, методических пособий, рекомендаций по профилю деятельности Предприятия;

12) осуществление реализации программ дополнительного образования, в том числе в виде повышения квалификации и переподготовки, а также проведение мастер-классов, семинаров и тренингов, по основному профилю деятельности Предприятия.»;

подпункт 9) пункта 17 изложить в следующей редакции:

«9) дает согласие Предприятию на отчуждение или распоряжение иным способом, закрепленным за ним имуществом (за исключением продажи произведенной им продукции), создание филиалов (представительств);»;

пункт 45 изложить в следующей редакции:

«45. Предприятие вправе с письменного согласия уполномоченного органа по государственному имуществу по представлению уполномоченного органа соответствующей отрасли:

1) создавать филиалы, представительства;

2) распоряжаться принадлежащими ему акциями акционерных обществ;

3) выдавать поручительство или гарантию по обязательствам третьих лиц.»;

дополнить пунктом 45-1 следующего содержания:

«45-1. Предприятие вправе передавать и списывать дебиторскую задолженность, предоставлять займы лишь с письменного согласия уполномоченного органа соответствующей отрасли.».

**Председатель Правления** **Баянбаев А.С.**

Нөмірленген, тігілген
4 (төрт) парақ

КЕҢСЕ